



Созақ аудандық мәслихаты  
**ШЕШІМ**  
21.02.2024 ж

## Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс он екінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс он екінші сессиясы 2024 жылғы 28 ақпан, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы **О.Жәмиев.**

## Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс он екінші сессиясы 2024 жылғы 28 ақпан, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 28 ақпан 2024 жылы, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2024 жылғы 28 ақпан, сағат 10.00-де өткізіледі.

### Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

1. Созақ ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы.

2. Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі өңірлік ведомствоаралық штабының құрамын бекіту туралы» №51 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі «Созақ ауданы әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрамын бекіту туралы» №50 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

4. Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 7 қарашадағы «Созақ ауданы әкімдігі жанынан терроризмге қарсы комиссия құрамын бекіту туралы» №61 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

5. Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі «Созақ ауданы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия құрамын бекіту туралы» №52 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 наурыздағы №69 және Созақ аудандық мәслихатының 2017 жылғы 31 наурыздағы №80 «Созақ ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы» бірлескен қаулысы мен шешімінің күші жойылды деп тану туралы.

7. Аудан әкімдігі жанындағы консультациялық-кеңесші органы құрамын бекіту туралы.

8. Аудан көлемінде халық денсаулығын қорғау жөніндегі Үйлестіру кеңесінің құрамын бекіту туралы.

9. Аудан әкімдігі жанындағы кәсіпкерлікке қолдау жасау қорғаныс жөніндегі комиссиясы құрамын бекіту туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат төрағасы  
**О.Жәмиев.**



## Президент Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдады.

Марат Омаров Президентке агенттіктің бақылау функцияларын орындау барысы, оның ішінде экономиканы монополиядан арылту жөніндегі құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыстары туралы есеп берді; монополияға қарсы шаралар аясында атқарылған жұмыстар туралы ба-

яндады.

Орындалған ұйғарымдардың үлесі 90,3 пайызға жеткен; Агенттіктің бәсекелестікті дамыту жөніндегі 2024 жылға арналған жоспары жайында айтты: бүгінде бәсекелестіктің жай-күйін талдау үшін ақпараттық-сараптамалық жүйе әзірленіп, іске қосылған, мемлекеттік қызметтер цифрландырылған. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің ақпараттық жүйесі, яғни деректер базасы әзірленіп жа-

тыр. Картельдік сөз байласу фактілерін анықтау мақсатында жасанды интеллект элементтері енгізілетінін айтты.

Президент агенттік төрағасына экономиканың негізгі секторларында бәсекелестікті дамытуға, ведомствоның жүргізіп жатқан тексеру жұмыстарына, сондай-ақ шағын және орта бизнесті қорғауға әрі өркендетуге қатысты бірқатар тапсырма жүктеді.

## Зейнетақы ақшасына баспана алу тәртібі өзгереді

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдаланудың қолданыстағы ережелеріне өзгерістер енгізуді ұсынып отыр. Ұсынысқа сәйкес, «Отбасы банк» депозиттерінде біржолғы зейнетақы төлемдері қаражатын жинақтау мерзімі 3 жылдан 8 жылға дейін ұлғайтылмақ.

Осы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 135 мыңға жуық азамат өз қаражатын біржолғы зейнетақы төлемдерінен (бұдан әрі – БЖТ) «Отбасы банк» АҚ депозиттеріне аударды және осы уақытқа дейін ипотекалық тұрғын үй қарыздарын ресімдеген жоқ.

«Отбасы банк» АҚ ақпараты бойынша тұрғын үй заемін алу үшін қажетті бастапқы жарнаны жинақтаудың орташа мерзімі алты жылды құрайды. Осыған байланысты, министрлік азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында «Отбасы банк» АҚ депозиттерінде БЖТ қаражатын жинақтау мерзімін 3 жылдан 8 жылға дейін

ұлғайтуды ұсынады. Сонымен қатар ерлі-зайыптыларға «Отбасы банк» АҚ депозиттерін бір-біріне БЖТ қаражатымен толықтыруға мүмкіндік беру ұсынылады.

Сондай-ақ «Отбасы банк» АҚ-мен тұрғын үй құрылысы жинағы туралы шарт бұзылған кезде БЖТ-мен толықтырылған сома алушының арнайы шотына қайтарылады. Ол 20 жұмыс күні ішінде осы қаражатты тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалана алады немесе біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларына сәйкес емделу мақсатында қолдануға құқылы.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдаланудың қолданыстағы ережелеріне жоспарланған түзетулер НҚА ашық деректер порталында талқыланып жатыр. Барлық ескерту мен ұсыныс қабылданғаннан кейін бұйрық жобасы мүдделі мемлекеттік органдарға келісімі жіберіледі. Келісу үдерісі шамамен екі айға созылады.

Айта кетейік, біржолғы зейнетақы төлемдеріне ар-

налған арнайы шот – тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында БЖЗҚ-дан біржолғы зейнетақы төлемдерін есептеу үшін алушы ашатын ағымдағы банктік шот.

БЖЗҚ-дағы қаражаттың артылған сомасын шешіп алу мүмкіндігі 2021 жылдың қаңтарынан бастап берілді. Азаматтар жеткілікті шектен асқан соманы үш мақсатқа жұмсай алады – тұрғын үй жағдайын жақсарту, емдеу ақысын төлеу және инвестициялық компаниялардың басқаруына беру. Бірақ сол жылдың желтоқсанында жеткіліктілік шегі жоғарылап кетіп, көп адам бұл мүмкіндікті пайдаланудан қағылды. Одан кейін шектен асатын соманы «Отбасы банктегі» депозитке аударуға рұқсат етілді.

2021 жылдан бері зейнетақы қорынан алынған 3,3 трлн теңге тұрғын үй сатып алуға жұмсалған. Жалпы, 1,4 млн өтінім берілген.

«Созақ үні»-ақпарат.



## ТАУКЕНТ КЕНТІНІҢ ЖАҢА ӘКІМІ САЙЛАНДЫ

Созақ ауданы, Таукент кенті тұрғындарының дауыс беру қорытындылары бойынша кент әкімі қызметіне Даулетбаев Елдос Орынбасарұлы сайланды.

Аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды Таукент кентінде болып, жаңа әкімді кент тұрғындары мен ұжымына таныстырып, алда атқарылуы тиіс міндеттерді атап өтті.

«Басты мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды ұтымды пайдаланып, кешенді жұмыстарды лайықты деңгейде атқару. Кент тұрғындары сенім артып, сайлауда дауыс берді. Алдағы уақытта сенім үдесінен шығып, кент

тұрғындарымен тығыз байланыста жұмыс жасап, кентте шағын және орта кәсіпкерлік салаларын дамытып, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және сапалы орындауды тапсырамын», – деді аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Болатұлы.

Сонымен қатар, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Руслан Әлиұлы сайлау нәтижесімен таныстырып, жаңа әкімге қызметтік куәлігін табыстады. Кент ақсақалдары ақ батасын беріп, сәттілік тіледі.

Даулетбаев Елдос Орынбасарұлы 1990 жылы ОҚО, Созақ ауданы, Қарақұр ауылдық округі, Раң ауылында дүниеге келген. Білімі

жоғары. 2012 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» мамандығы, 2015 жылы Шымкент университетін «Экономика» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Алғаш еңбек жолын 2013 жылы Созақ аудандық халықты жұмыспен қамту орталығында бастап,

02.2018 - 06.2018 жылдары Созақ аудандық халықты жұмыспен қамту орталығында директордың орынбасары,

06.2018 - 11.2020 жылда-

ры Созақ аудандық халықты жұмыспен қамту орталығында мониторинг бөлімінің басшысы,

11.2020 - 06.2023 жылдары Созақ аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының директоры,

07.2023 жылдан бүгінге дейін Түркістан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ-нің Созақ аудандық Мансап орталығы филиалының директоры қызметін атқарған.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

## ӨТКЕН ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР БОЙЫНША ТҰРҒЫНДАРҒА ЕСЕП БЕРДІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық полиция бөлімі тұрғындарға өткен жылы атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

Аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, аудан прокурорының орынбасары Алмас Жағыппаров, Ардагерлер және Қоғамдық кеңес мүшелері мен аудан тұрғындары, тиісті бөлім, мекеме басшылары, құқық қорғау органдары мен жеке құрамының қатысуымен өткен жиынды аудан



әкімінің орынбасары Серік Маманов ашып, жүргізіп отырды.

Жиынның күн тәртібіндегі мәселе бойынша хабарлаған аудандық полиция бөлімінің басшысы, полиция подполковнигі Жасұлан Нысанбаев бөлімнің өткен жылы атқарған жедел-қызметтік жұмыстары мен оның қорытындысы жөнінде кеңінен баяндады. Бұған қоса жол көлік оқиғасы мен қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі ақпараттық жүйені пайдалану арқылы іске асып отырған интернет алаяқтыққа қатысты сақтық шараларына кеңінен тоқталып өтті. Аталған мәселелер бұған дейін аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен өткен мәжілісте де қаралып, қазіргі таңда бейне бақылау жүйесін және үлкен жолдарға жол белгілері мен шуылдақты жолақтар орнату бойынша тиісті жұмыстар қолға алынғанын атап өтті.

Жиын соңында тұрғындар жол қауіпсіздігіне қатысты бірқатар ұсыныс-пікірлерін жолдады.

Аудан әкімінің орынбасары Серік Сахихлы жоғарыда аталған қауіпсіздік шаралары тұрғындардың сұранысы бойынша туындаған орындарда іске асырылатынын және қауіпсіздікті күшейтуге бағытталған жұмыстар әр кез басты назарда болатынын айтты.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**



## АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Созақ ауылында «Ауғанның асуында от кешкендер» атты іс-шара өтті. Аталған шараға ауылдағы ауған соғысы ардагерлері және ауыл ақсақалдары, ауыл тұрғындары, ұстаздар мен оқушылар қатысты. Аудан әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайына қарасты Созақ ауылдық мәдениет үйінде өткен шараға ауылдық округ әкімі Батырхан Аяпов қатысып, ауған ардагерлерінің басынан кешкен қиындықтары туралы айтып, жауынгерлік міндетін абыроймен атқарған ауған соғысы ардагерлерін марапаттап, сый-сияпат табыс етті. Іс-шара барысында Созақ ауылындағы мекеме, мектептер арасында би байқауы ұйымдастырылды. Оған әр мектептен бір би тобынан қатысты. Ұлтжандылық пен отансүйгіштік, ардагерлерге деген құрметті артыру, рухани адамгершілікке тәрбиелену, өнерге деген

шығармашылық ізденістерін дамыту, мәдениетке жанаушылық пен қызығушылықты ояту, өнерге деген құштарлығын арттыру, талантты және дарынды би топтарына қолдау көрсету, т.б. мақсатында ұйымдастырылған би байқауы екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде үміткер топтар әскери-патриоттық би билесе, екінші кезеңде байқау ұйымдастырушылар ұсынған әр ұлттың ұлттық билерін биледі. Байқау қорытындысы бойынша жүлделі орын алған жеңімпаз топтарға арнайы сый-сияпат табысталды. Айта кетейік, шараның мақсаты – Ауған соғысына қатысқан азаматтардың көзсіз ерліктерін кейінгі ұрпаққа дәріптеу, тәуелсіздік жолында күрескен ағалардың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ету, бүгінде елдің көсегесін көгертуге атсалысып жүрген ардагер жауынгерлерді қадірлеп, құрметтеу болды.

**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ.**

## ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІПТІҢ КЛИМАТТЫҚ РЕЙТИНГІ САЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ОРТАША ДЕҢГЕЙДЕН АСЫП ТҮСТІ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Carbon Disclosure Project (CDP) парниктік газдар шығарындылары туралы деректерді ашу жөніндегі халықаралық жобасы компанияға 2023 жылдың қорытындысы бойынша А-дан F-ге дейінгі CDP мамандандырылған шкаласы бойынша «В» («басқару») деңгейінде климаттық рейтинг бергенін хабарлайды.

2023 жылы Қазатомөнеркәсіп алғаш рет CDP климаттық рейтингі шеңберінде «Климаттың өзгеруі» (Climate Change) бағыты бойынша деректерді ашты. «В» рейтингі компания қызметінің қоршаған ортаға әсерін тиісті басқаруды қамтамасыз ететін экологиялық менеджменттің болуын көрсетеді.

Айта кету керек, Азия аймағы үшін орташа CDP рейтингі «С», «Металлургия және тау-кен өндіру» өнеркәсібінің «Металл өңдеу» секторы бойынша «В-». Осылайша, компания өз саласы мен аймағы бойынша орташа бағадан асып түсті.

Алынған CDP бағасы компанияның қоршаған ортаға теріс әсерді азайту және алдын алу, сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2060 жылға дейінгі көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясын іске асыру жөніндегі күш-жігерін растайды, сонымен қатар компанияның барлық мүдделі тараптардың мүдделері үшін климаттық күн тәртібіндегі өз қызметінің ашықтық деңгейін арттыруға деген ұмтылысын көрсетеді.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

## Ардагерлерге тағзым

Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына биыл 35 жыл толып отыр. Тарих бетіне өшпестей із қалдырған ауыр оқиға екенін адамзат баласы ұмытпайды. Осыған орай, «Ауғанстан ар-

ген қонақтар оқушылардың қойған сахналық қойылымдары мен концерттерін және ағайымыз туралы арнайы видеороликті тамашаласа, ал оқушылар ардагерлердің ауған соғысы жайлы әңгіме-



дагерлеріне тағзым» тақырыбында ұйымдастырылған іс-шарада мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Омарбекованың бастауымен, 7 «а» сыныбының жетекшісі Р.Аңшыбайдың ұйымдастыруымен кездесу кеші өтті. Кездесуге мектебіміздің ұстазы, интернет меңгерушісі, Ауған соғысының ардагері-Нұрмаханов Дәулет ағай қатысты. 15 ақпан – Кеңес әскерлерінің ауған жерінен шыққан күні ардагерлер үшін тамаша мейрам бола тұра, дәл сол күн осы қасиретті соғыста қаза тапқан интернационал жауынгерлерді еске алу күні де болғандықтан, іс-шараға қатысушылар соғыста қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды. Іс-шара барысында, кел-

лерін ұйып тыңдады. Өз кезегінде ардагерлер қиындығы мен қасіреті мол ауған соғысы кезіндегі жауынгерлік тапсырмаларын қалай орындағандары, әртүрлі ұлттан құралған әскер қатарының мызғымас достығы мен көрсеткен ерліктері туралы, олардың әрқайсысы интернационалдық борыштарын қаншалықты адал орындап шыққаны жайлы айтып берді. Әскери-патриоттық тәрбие аясында өткізілген іс-шарада аудандық кәсіподақ ұйымының атынан Дәулет ағайымызға «Сарыағаш» шипажайына арнайы жолдама берілді. Сізге алғысымызды білдіре отырып, жасаған ерлігіңіз жастарға үлгі болары анық.

**Ақбаян ОМАРБЕКОВА.**



**Әнші, сазгер, ұстаз Әділбек Нысанбаевтың 70 жылдығына орай жергілікті Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі, әнші, термеші Бекберген Ізбалбаев ағаммен шағын сұхбат жүргізіп едім.**

**-Бекберген аға! Әңгіме төркінін биылғы жылы кең көлемде аталып өткелі отырған әнші, сазгер Нысанбаев Әділбек ағамен сіздің өмір жолыңыздың түйіскен жерінен бастасақ?**

-Дұрыс. Әділбек аға Нысанбаев аудандық мәдениет үйінің директоры болды. Ұмытпасам Торғай облысынан ауданға келген кезі болатын. Ол кісі Созақ ауданынан алдымен ән-музыкадан мұғалім болып келді. Осы "Мыңжылқы" мәдениет үйінің орнында ескі мәдениет үйі болатын. Ұзынша салынған ақ үй еді. Кәдімгі совхоздың стандарт үйі сияқты. Бір бөлмесінде бұрынырақ мәдениет үйінде автокөлік жүргізушісі болған Батырдың әкесі Дүйсенов Әбіш қария биллиард ойынын ұйымдастыратын. Бір залы бар болатын. Бір бөлмесінде директор, методист, бүкіл өнерпаз әнші-күйшілер топырлап отыратын. Одан бұрын мәдениет үйінің артында үлкен



тың қарамағындамын. Солардың кісілерін күтсемін. Тамадасы боламын, әншісі боламын. Сөйтіп Әдекең келгенде мен достарымды шақырдым. Одан кейін Зейнетов Ескендір үйіне шақырды. Ескендірдің үйінде Әдекеңнің әндерін орындадық. Олардың бәрі Әдекеңнің әндерін менен үйреніп алған. Өнерге қатысы жоқ, басқа саланың адамдары еді. Солар үш дауыста орындаған кезде Әдекең риза болды. Онынан тұрып әнші жігіттерді құшақтап, мені құшақтап: «Болды мен ризамын. Өз бағамды білдім. Мен байқауыңа қатыспаймын. Әншілікке қатысы жоқ, саласы басқа мамандар менің әнімді орындап жатыр. Мен бақыт

халық арасында Созақ туралы саны, сапасы басым әндер толығы түсті. Шуда Марқабай Тасыбаев, Манарбек Қойшыбаев деген сазгерлер болды. Олар Сәкен мен Кенжебектің ұстаздары еді. «Жолөткел» деген әні бар. Жезқазғанда 1975 жылы «Қаракөз» ансамблі болды. Жақсыгелді Сейіловтің ансамблі. Менің ағам Шуда сол жақта ферма меңгерушісі болды. Бейсен деген Кенжебектің ағасы болды. Солар құрған. Біздің ансамблде Сәуле, Гүлнар, Жұбаныштар ансамбльдің белді әншілері болды. Осылар таза Әділбектің шәкірттері еді.

Әділбектің «Бала ғашық» әнін бірінші орындаған Шағала деген қарындасымыз болды. Жақсы талантты әнші еді. Әттең, ғұмыры қысқа болды. Қаратау совхозындағы Панфилов атындағы орта мектепте ән-музыка пәнінен ұстаздық етіп жүргенде қазіргі сазгер, әнші Төлжанбек Жақсыбаевты шәкірт етіп тәрбиеледім. Ол шәкірт болып жүріп қарындасымыз алып кетті. (Әзілдеп күліп алды). Сол уақытта Гүлжан Сыздықова, Жазира Қалдыбаева деген өнерлі қыздар болды. Оларға да Әділбектің және менің репертуарымда жүрген жергілікті сазгерлердің әндерін ұдайы үйретіп, мерекелік шараларға

## «Мен бақыттымын!» деген еді...

үлкен алып талдар, төменге қарай сайы болатын. Соның ішінде пионерлер үйі болатын. Егенов Ата директор еді. Кейін Балатай болды. Жайқалған қалың талы болатын. Сол мәдениет үйінде концерт болды. Біз мектеп оқушысымыз. Бүкіліміз сол Әдекеңнің соңында жүреміз. Әдекең Созақта мұғалім болып жүретін. Жап жас, әп әдемі, шашы тәгіліп, гитарамен өлең айтатын. Концерттен бөлек талдың арасында сығалап әнін тыңдаймыз. Әніне ғашық болып өстік. Алайда ол кісілерге ол кезде жақындау қайда! Негізі жақын танысқан кезіміз 1977 жылы оқуға түсе алмай ауылға келіп мәдениет үйінде жұмыс істедім. Сол кезде таныстым. Төкендермен, Файзулла, Генералдармен Бетпақдала ма, қойшылар аралап үгіт пойызымен жүреміз. Облыстық комсомолдың «Жігер» атты үгіт пойызының құрамында болып жаз жайлау, қыс қыстау, шөп шабу, төл алу, қырқым, ұрықтандыру кезінде топ-топ болып жүреміз. 1977 жылы күзде мен қайтадан оқуға кеттім. 1982 жылы келген соң қайта араластық.

**-Сол араласқан уақыттан бастап араларыңызда шығармашылық байланыс орнап, ұстаз бен шәкірт ретінде үлкен бастамаларға бет бұрдыңыздар ғой?**

-1982 жылдан мен Әділбектің жеке әншісі болдым. Генерал ағам екеуі таласатын. 1982-86 жылдардан Құлыншақ Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестік болатын. Сол бірлестікті ақын, ұстаз, алып тұлға Сағынтай аға Байділдаев басқаратын. Сонда сол қоғамдық бірлестіктің өзіндік жоспары бар, күнделікті жиналыс жасап тұрады. Жоспарын бекітіп кімнің кітабын шығарамыз, кімнің шығармашылық кешін өткіземіз, кімдермен кездесу өткіземіз дегендей кеңесіп ақылдасамыз. Қоғамдық бірлестіктің белді мүшелері Сағынтай ағадан бастап, Жанғали Меймандосов, Пернебай Иманқұлов, Қыдырәлі Ахметов, Әділбек Нысанбаев, Қазыбек Мыңжанов ағаларым бар. Кейіннен Созақ ауылындағы музыка мектебінде ұстаздық қызмет атқаратын Жанғали Жүзбаев пен Торғайдан Кенжебай Шал келіп қосылды. Міне, біздің шығармашылық бірлестіктің қуаты мықты еді. Бәріміз бірге

жүреміз. Менің «Жигули» маркалы жеңіл көлігім бар. Бәріміз жиналып ортамыздағы ақынның, сазгердің өлеңдерін, әндерін ортаға салып талдаймыз, кем-кетігін айтамыз. Сын болса сынамаймыз. Ешкім оған ыстықтап ренжімейтін. Оны талдап таң атқанша отырамыз. Рас, арасында қызыл кеңірдек болып айтысып қаламыз. Әсіресе, Қазекеңнің үйінде, Әдекеңнің үйінде көп боламыз. Жан жақтағы ауылдан келеді. Жиі жиналып әннің иірімдерін талдап, «Әдеке, мынадай етсек қалай болады?»-деп ұсынысымызды, пікірімізді айтып отырамыз. Әділбек аға екеуміздің арасында алты жас айырмашылық бар. Сонда да қатар, дос, сырлас жандай бір-біріміздің пікірімізбен санасып жүретін едік. Мені Бекош дейтін, Бекошым дейтін. «Егер сенде музыкалық білім болғанда талай әншілер нансыз қалатын еді» дейтін. Бір жақсы пікірім болса «Ой, мынау не деген бәле!» деп орнынан тұрып кететін. Сөйтіп сол әнді шығарған кезде тұсауын кесеміз. Музыкалық мектепте репетицияға барамыз. Аудандық білім бөлімінде «Ақниет», «Тәлімгер» деген екі ансамбль болды. Бірі халықтық әндер бағытында, бірі эстрада бағытында болды. Сол жылдары ақылы қызмет деген үрдіс шықты. 1985-1986 жылы болуы керек. С.Байділдаев кәсіподақ ұйымы арқылы қаржы бөліп, өлшемсізге қарай киім тіктіріп, Әділбек, Қазыбек, Гүлнар, Сәуле, Қыдырәлі, кейін Кенжебай Торғайдан келіп қосылды. Сол ансамбльдердің жетекшісі болдым. Сөйтіп сол жылы қалай түнде ән шығады. Соны талдап, әрлеп таңертең репетиция орындаймыз. Әділбек екеуіміз екі дауыста айтамыз. Сосын мен жеке орындап шығамын. Ең алғашқы әнді осылай орындаймыз. 1995 жылы Әдекең хабарласты. «Бекош, облыста «Үкілімай» деген байқау өткелі жатыр. Композиторлар байқауы еді. Соған барайын десем ешкім көмек беріп жатқан жоқ. Тіпті жол қаржым да жоқ. Барған күнде менің әнімді кім орындайды? Мен әнші апарайын десем, оның оранжировкасы пәленбай теңге» деді. Мен: «Әдеке келе беріңіз. Неғыласыз басты ауырып. Жүдә болмаса мен орындап шығам дедім. Сөйтіп Әдекең Шымкентке келді күтіп алдым. Үйде болдық. Шегебай, Ескендір бар. Мен ол кезде водоканалда істеймін. Анарбек Орманов

тымын! Қайтамын!»-деді. Мен «ой, бұныңыз не? Әуре болып келдіңіз. Қатысасыз!» дедім. Ол уақытта оранжировка жасауға, эстрадаға әрлеуге уақтымыз жоқ. Мен сонымен облыстық филормонияда әнді домбырамен орындадым. Үшінші орын алдым. Содан Әдекең екі-үш күн болып жігіттер үйлеріне кезек-кезек шақырып қонақ етті.

**-Осы тұста Әділбек ағаның жанында жүрген інісі ретінде ол кісінің қандай қасиеттеріне бас иетін едіңіз?**

-Әдекеңнің ерекше қасиеті менің жасым үлкен-ау, мен ел білетін сазгермін деген шірәу, көкірек керу деген жоқ. Өте қарапайым, ақ көңіл, шын талант иесі еді. Оның әзіл әңгімелері, жоқ жерден сөзбен қағытып, орынды қалжыңдауы елді қыран топпан күлкіге қарқ қылатын. Менің отбасылық тойымның бәрінде Әдекең ағамыз болды. Тамада болды, ән айтты. Әзіл айтып жоғары деңгейде өткізетін. Ортамыздағы тойларды, бас қосуларды, отбасылық қызықшылықтарды Қазыбек ағам екеуі басқаратын Мен сол ағаларымның той жиынын басқаратынымын. Балаларының барлық сүндет тойларына асабалық еттім. Бір үйдің баласындай, ағайынды адамдардай болдық. Ағалы-інілі, дос болдық. Қазыбек ағам менен қанша жас үлкен. Сол кісілермен құрдас сияқты жүрдік. Ешқайсысы менің бетімнен қақпай Бекош деп еркелететін, бауыр, іні тұтты. Тіпті жастары әкемдей кісілер ғой, Жанғали Меймандосов ағамнан бастап мені інілік тұтты. Пернебай ағам өкпелеп сен Қазыбектің әнін айтасың менің әнімді айтпайсың деп ренжіген сәттер болды. Артынанша ұмытып кететін. Былайша ағалық наздары өздеріне жарасып тұратын. Жанғали ағамның «Созағым» деген әні бар болатын. Менен басқа ешкім айтпайтын. Баяғыда он совхоз болып тұрғанда қаракөлден бірінші орын алған совхозға арналған. Сөздері соған келетін. «Созағым жерге бай, кенге бай» деп келетін. Ол уақытта Созақ туралы «Созағым» мен Якуда көкеміздің «Қаратауымынан» басқа ән жоқ болатын. Содан кейін бірінен кейін бірі шығып жатты. Осы екі әнді маған Әдекең оқушы кезімде үйреткен. Домбырамен орындайтынмын. Одан кейін Әдекең жазды, Қазекең жазды, Айт-жекең (Нұрсейіт) жазды. Сөйтіп

дайындап жүрдім. Шәкірттерің кім? -дегенде осы өнерпаздарды айтар едім. Ең бірінші олар Әділбектің әндерін тура Әділбектің айтуымен, көрсетуімен дәлме дәл орындайтын еді. Өйткені Әдекең әндерін орындағанда бастарында тұрып, қастарында отырып өзі ыңылдап айтып үйрететін. Әділбектің алдын көрмегендер бұзып айтатынын байқап жүрген шығарсың. Сол себепті шәкірттің аты шәкірт. Мына Құмкенттегі Кенжебек әнші дұрыс айтады. Оның «кейінгі буын әншілер Әділбектің әнін тура өзі көрсеткеніндей, өзі айтқанындай деңгейде айта алмайды. Иірім бозуларын толық келтірмей орындайды» деген сөзі рас.

**-Өнер адамдары, оның үстіне ансамбль болғаннан соң шығармашылық сапарлармен ауданнан асып, ары, бері сапарлаған сәттеріңізде болған шығар?**

-Болды. 1986 жылы қараша айында толық күні есімде жоқ. Алматыда Созақ ауданы көркемөнерпаздарының концертін қойып келдік. Терме хабары болды терме айттым. Күй хабарында Төлеген Момбековтің «Салтанат» күйін орындадым. Төкең «менің шәкіртім» деп таныстырып «Салтанатты» тартқызды.

-Мақсат, айтқандай жақсы есіме салды, сенен өтініш Мәскеуге дейін хат жазып жүрсің ғой. Алматыға хабарласып. Сол Созақ көркемөнерпаздарының Алматыдағы күндері туралы «Қазақстан» телеарнасының архивіне хабарласып, Созаққа алдыру жағына әрекет етші?- қолыңнан келеді ғой. Терме хабарын Бекділда Алдамжаров деген ақын жүргізген, күй хабарын белгілі өнертанушы Жарқын Шәкірім жүргізген. Жеңіс Мұқатаев деген азамат режиссерлік етті. Сол есімде. Мені сол жерде өздеріне шақырып бір-екі ән айтқызған, содан есімдері есімде сақталып қалыпты.

Бізді аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы Әжікен Кәрібеков бастап барған еді. Нарымбетов Нышан, Қорған. Рысметов Кәмілжан, Әділбек Нысанбаев, Сәуле Аппазова, Рахымжан деген азамат, бүкіл оркестрмен бардық. Қазыбек ағамның қазіргі үйі жоқ. Есігінің алдында кішкене времянкасы болатын. Соның ішінде у-шу болып жатамыз.

Азаннан кешке дейін Эльмара жеңешеміз бізді күтумен болады. Ешқандай ренжімейді. Азаннан кешке дейін етін асады, шайын қояды. Жанғали Жүзбаевтың «Шу еркем» әнінің сөзін Қазыбек ағамның үйінде талдадық. Негізі әні мен сөзін Жанғали жазып келген екен. Бірақ кейбір тұстарын Қазекең өзгертіп, өңдеп қайта жазып, қосатын жерін қосып, алатын жерін алып түзеген еді. Сосын «Шу еркемнің» сөзін Қазыбек аға жазған болып есептеледі. Өңдеп шығарды. Оның алдында Пернебайдың да жазып келген әнінің сөзінде Қазыбек аға талдап, өңдеп түзеткен еді.

Жанғали Созақта музыкалық мектепте мұғалім болатын. Мен Созақта музыка мектебінде ұстаз болып жүргенімде отыз адамдық «Балауса» деген ансамбль құрдым. Ол кезде ағам Қаратау совхозынан Созақ совхозына көшіп келіп совхоздың бас малдәрігері болып қызмет атқаратын. Талай шәкірттерді қанаттандырды. Мен алдыңғы аға буын ағаларымның шәкірті болсам, КТК арнасындағы Оразәлі Баймұратов, «Оңтүстік Қазақстан» газетіндегі Дәулет Тұрсынұлы, облысқа танымал асаба Күмісбек Рақымбеков менің шәкірттерім еді. Олар термеден, айтыстан аудан, облыста ешкімге орын бермейтін. Елдің белгілі азаматы Махашов Қойшыбай демеушілік танытып 22 домбыра алып берген еді. 1986 жылы Семейге республикалық айтысқа бардым. Шымкенттегі айтыста терме орындадым. Сол жылы маған құт жылы болды. Бәрі сол Әділбек ағамның шынайы ұстаздығының арқасы еді.

Парктің ішіндегі кешегі ескі музей сол уақытта шығармашылық үйі болатын. Сонда Әділбек ағамның



менің орындауымдағы әндерін республикалық телеарна келіп басып алды. Соны іздестіру керек.

**«Әділбек ағамыз туралы ол кісінің көзін көрген кісілер сазгердің әзілге, ұрымтал тұстағы әскияларын, қағытпа қалжыңдарын жиі айтады. Сол қырында байқаған шығарсыз?»**

«Расында солай. Әділбек аға тек қана сазгер, әнші ғана емес ол кісінің актерлік шеберлігі, интермедия орындауы, әзілді қиыстырып орындауы ерекше болатын. Сахнада ролдерді орындап тұрғанда күлмейтін, шынайы орындағанда шек сілеңді қатыратын. Өзім күнде репетицияда қанша көрсем де, сахнада қайта-қайта көре беретін едім. Қазыбек аға екеуі скетч орындайтын. Оспанхан Әубәкіров, Шона Смаханұлы, Көпен Әмірбековтің шығармаларын орындайтын. Көрсен

көзіңнен жас аққанша күліп өлесің! (өзі қарқылдап күліп алды) Сауатты адамның репертуары таңдауы да сауатты болады ғой. Керемет жерлерін таңдап, қиыстырып айтқанда рахаттанып дем алып, жұрт риза болып тарасатын. Ол кісінің ең бір ерекше қасиеті әдебиеттен, тарихтан, көне ауыз әдебиеті, газет-журнал, саяси жағынан сауатты, сахна көрген, өмір көргендігі өзін, тұлғалығын ерекшелеп тұратын. Мәдениет, өнердің түр-түрі жағынан дес бермейтін. Қай салаға салыңыз ағып тұр. Ол цифрларды, оқиғаны, әңгімені қалай ойына сақтайды таң қаласын. Бір жапырақ кісінің бойында сонша таланттың, қошеметтің тұнып тұруы, жердің, ауаның қаның қасиеті бүкіл қан тамырында астасып жатса керек. Ондай адам көп емес. Баяғы ақын-жазушылардың әңгімелері, әзілдерін, айтып

отырмын ғой қасында аузыңды ашып, құлағыңды тосып отыра бересің.

**«Аға, биыл Әділбек ағамыздың туғанына 70 жыл мерейлі еске алу шарасы ауданымызда басталып кетті. Мерейлі шараға айтар тілегіңіз бар ма?»**

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» дегендей Әділбек Нысанбаевтай асыл азаматымызды құрметтеп еске алу баршамыздың парызымыз. Өзің қызмет ететін аудандық басылым беттерінен биылғы мерейтойлар тізімін оқыдым. Биыл ауданымызда мәдени шаралар көп екен. Сұлтанбек Қожанұлы бабамыздан бастап ақын-жазушы, өнер адамдары, еңбек адамдары дегендей. Бәрі құтты баянды болсын! Сонымен қоса, сөз орайы келіп тұрғанда айтпасам болмас. Неге аудандық мәдени шараларда өз ауданымыздан шыққан тұлғалардың шығармалары басымырақ орындалмайды? Ол кісілерді біз, өзіміз насхаттамасақ кім насихаттайды? Әрине, мұның барлығы өлілерге емес, тірілерге, оның ішінде кейінгі ұрпаққа аса қажет. Сондықтан да барлық іс шаралар өз деңгейінде өтетіне сенімім кәміл. Ол кісілерді ұмытпай елеп, ескеріп, есімдерін барынша ұлықтау азаматтық парызымыз болмақ. Тіпті есімдерін елеп көшеге беріп жатса да артықтық болмас еді.

**«Сұхбатыңызға барша оқырмандар атынан шынайы алғысымды білдіремін. Тойларда кездесейік!»**

-Саған да үлкен рахмет!

**Сұхбатты жүргізген:  
Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**



сен екеуің менің ойымша жақсы орындап шығасыңдар деп білемін»-деп бір бейтаныс ағаймен таныстырып, ол кісі бізді баянда сүйемелдеп әнді орындап берді. Бекберген ағай бізге қарап: «Қыздар сендер орындаған әннің авторы Әділбек Нысанбаев деген сазгер ағайларың осы кісі болады,-деді. Әділбек аға күліп қалған, жүзі жылы ағай екен. Сол бейнесі осы уақытқа дейін есімде қалыпты. Шатаспасам басында құлақшыны бар екен. Сәл шалқалап жүретін, ән айтып, баян тарқанында кеудесін көре, мойнын алға соза отырып жүрекпен айтатын кісі екен. Қолында баян. Сол «Жастық шақ» деген әнін Жазира екеуміз жаттап ауылда ен бірінші орындап шыққанбыз. Әдемі шықты. Ауданға түрлі мәдени шаралар мен байқауларға барсақ осы әнді қосылып екі дауыста айтатынбыз. Бұл қандай ән? Кім айтатын еді? Авто-

## Ән аға бейнесі әлі есімізде

Менің есімім Гүлжан Қаратаудан боламын. Кешегі сіздің сұрағыңызға толық жауап бере алмағаным үшін айып етпеңіз. Ол кезде 8-9 сынып оқушысы болатынбыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еді. Ол уақыт, халық үшін қиын уақыт екенін білемін. Барлық нәрсеге қол жеткізу мүмкін еместін. Сахнаға шығып, ән айтатын кезде бүкіл ауыл болып кезектесіп киетін қазақша көйлек бар. Әбден тозығы жеткен мектептің күлгін түсті көйлегі болатын, болды басқа ештеңе жоқ. Қазір Аллаға шүкір керемет қой. Ауылдағы мәдениет үйі ескі, асхана сияқты іші тар, кесек там болатын. Сол жерде концерт қояйын деп жатырмыз. Мен құрбым Жазирамен ылғи екі дауыста домбырамен ән айтатынбыз. Біздің жетекшілеріміз музыка пәнінің мұғалімдері Тұтқышова Сапарқұл апа, Жақсыбаев Төлжанбек, Ізбалаев Бекберген ағайлар болатын. Бір күні Жазира екеумізді Бекберген ағай шақырып алды да,» -Мына әнді тыңдаңдар,

ры кім? деп барлығы сұрап жататын. Ол уақытта қазіргідей әндер көп емес еді ғой. Бір әнді бір апта жаттап, дайындалып айтатын едік. 1997 жылы Алматыға келдік. Ол уақытта жоқшылық болды ма, мектеп бітіргенде суретке, видеоға түсу арман болып, Әділбек ағамен суретке де түсе алмағаным өкінемін. Содан бұйырған оқуымызға түсіп, тұрмысқа шығып, балалы-шағалы болып өнер жолын ары қарай жалғастыра алмадық. Екеуміз де балабақшада жұмыс жасаймыз. Анда санда кездескенде ауылдағы әндерімізді есімізге түсіріп қосылып айтып тұрамыз, әлі күнге дейін «Жастық шақ» әнін ұмытпадық. Әлі де білеміз Бекберген ағайым Сыздықова Гүлжан шәкіртіңізбін десем ұмытпаған болу керек. Бекберген ағай осы әнді үйреткен ұстазым болды.

**Гүлжан СЫЗДЫҚОВА,  
Алматы қаласы.**

## Ән нөсер

**(Әнші, сазгер, бауыр  
Нысанбаев Төлегенұлы  
Әділбек ағамның 70  
жылдығына)**

*Уақыт-арба дөңгелеп,  
Зырылдап алға барады.  
Тұлдыр тұман сейіліп,  
Гүлденді аймақ алабы.*

*Қарт Қаратау қажырлы,  
Бабам боп белін бұғанда.  
Ақшағыл ақ қар жауып-ед,  
Шақалақ сәби туғанда.*

*Арқырап ақпан солығын,  
Сол күні басты аптығын.  
Шаңыраққа келген сол сәби,  
Созаққа келген бақ тұғын.*

*Бесікте жатты бал сәби,  
Ананың тыңдап әлдиін.  
Құлағын түре естітін,  
Ақпанның салған ән-күйін.*

*Ентелей ішке кіретін,  
Азынап суық есіктен.  
Сықырлап дыбыс шығатын,  
Тербелген жайлы бесіктен.*

*Сан рет келіп көктемі,  
Түледі сонша бұл дала.  
Бұлқынып өсті сезімшіл,  
Әуенге ғашық сол бала.*

*Қарлығаш қасын керіп ап,  
Баянын созып бабымен.  
Талайды ғашық етіп-ед,  
Әділбек әсем әнімен.*

*Қызылкөл тербеп толқынын,  
Ақбикеш әнмен оянып,  
Көктемі келіп ақырын,  
Мың түске далам боянып.*

*Жатушы-ед сабыр таулар да,  
Әуезді әннен нәр алып.  
Дүние біткен сияқты,  
Ән менен күйден жаралып.*

*Ескермес жазса есті өлең,  
Қазыбек жазса шымыр жыр.  
Әділбек әнмен әспеттеп,  
Қашалып шыққан туындың.*

*Алланың берген жасында,  
Әнменен жалғап ғұмырды.  
Сазгерлік деген сиқырмен,  
Өлмейтін әндер тудырды.*

*Ғажайып еді неткен бір,  
Көңілі еді көктем нұр.  
Себелеп жауған ақ нөсер,  
Шабыт па дерсің көктем бұл.*

*Әділбек деген ақ нөсер,  
Өзгеше оның әлемі.  
Әншіге бақыт сыйлаған,  
Жары да оның ән еді,  
Әдемі десе Әдемі!*

*Бойымды шабыт кернесе,  
Ағама барам аптығып,  
Есігінде құлып жоқ,  
Кететін өзі ашылып.*

*Аллара шамның түбінде,  
Айқара шапан жамылып.  
Отырушы еді кей сәтте,  
Өмірге мынау қамығып.*

*Отырушы еді кей сәтте,  
Қабағы жаздай жадырап.  
Баянын қолға алушы ед,  
Ақ жүзі қанмен балбырап.*

*Ақырын басып білтесін,  
Жарығын шамның сөндірмей.  
Әуезді әуен қалықтар,  
Көктемнің күмбір төрінде-ей.*

*Шәрбаттан татып аз ғана,  
Шәмші де болып көргенбіз.  
Әншіге жақын іні боп,  
Қасында көптеу жүргенбіз.*

*Содан да болар үнемі,  
Ән іздеп жүрем сыңардай.  
Аңқылдап күліп алдымнан,  
Әділбек ағам шығардай.*

*Сол бір үй есте қуықтай,  
Құрқылтай басқан ұядай.  
Ағамды жүрмін сағынып,  
Сырласқан шақты қия алмай!*

**Мақсат ҚАРФАБАЙ.**



## ҚОҒАМ ДЕРТІНЕН АРЫЛУ- болашағымыз үшін маңызды

Жалпы ұғым бойынша сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік жағымсыз әрекеттердің жиынтығы. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әрбір мемлекетке тән, әлемдік ауқымдағы проблемаға айналып отыр. Сыбайлас жемқорлық елдің экономикасына, саясатына, әлеуметтік саласына ықпал етеді, ал оның залалы қоғамның дамуына кері әсерін тигізіп, еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Бүгінгі таңда қоғам дертіне айналып отырған бұл індетпен ел болып, халық болып бірлесіп күресуге міндеттіміз. Себебі, бұл жағымсыз дерттен арылу болашағымыз үшін өте маңызды болып табылады.

**К.КУЛУМБАЕВ,**  
Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі  
бөлімі бастығы, майор.

## Сыбайлас жемқорлықпен күресейік!

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың жұмыстарының жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сызған ауылдық округі бойынша ауыл әкімдігінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, 2023 жыл бойынша 7 дөңгелек стол жиыны, жасөспірімдер санасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы дамыту мақсатында сурет байқаулар және жастар арасында пікірталас жиындары өткізілді.

**Б.ЖАППАРКУЛОВ,**  
Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман  
заңгері.

## Консервілеу барысында мына қағидаларды ұстаныңыздар!

Ботулизм - жалпы организмнің улануына әкеліп соғатын и аурудың ауыр түрі. Ботулизм С таяқшасы бөліп шығаратын улы затпен (т) бүлінген тамақтан жұғады. Б-нің қоздырғышы адамның, жануарлардың және балықтардың ішек жолдарында болады. Топыраққа түскеннен кейін спораға айналып, онда бірнеше жыл бойы сақталады. Ботулизм адамдарға көкөністен, саңырауқұлақтан, еттен, балықтан технологиялық ереже сақталмай дайындалған әр түрлі консервіленген тағамдарды пайдаланғанда жұғады. Ауру белгісі 2-12 сағаттан кейін байқала бастайды, адамның басы ауырып, әлсірейді, құсады, аузы құрғап тұрады. Сонымен қатар көздің қарашығы ұлғайып, зат қосарланып көрінеді, адамның жұтынуы қиындап, бірте-бірте даусынан айрылады (а). Ботулизмнің алғашқы белгісі білінісімен науқасты ауруханаға

жатқызу керек. Оған жедел түрде Ботулизмге қарсы арнаулы иммунды сарысу егіледі. Бұл аурудан сақтану үшін азық-түліктерді өңдегенде, тасымалдағанда, сақтағанда, дайындағанда, соның ішінде үйде консервілегенде санитарлық-гигиеналық ережелерді мұқият орындау қажет.

Ботулизмнің алдын алудағы негізгі іс-шаралардың бірі – ол ботулизм қоздырғышының (Cl.botulinum) шикізатқа түсуін болдырмау, жылы өңдеуден (стерилизациядан) дұрыс өткізу, споралардың вегетативті түрлерінің көбеюін болдырмау, консервіленген дайын тағамда токсиннің пайда болуына жол бермеу шараларын жүргізу. Үй жағдайында консервілеу кезінде ботулизмнің алдын алу үшін барлық ережелер қатаң сақталуы керек. Осыған байланысты консервілеу барысында үнемі шикізат сапасына қатаң қадағалау жүргізу керек:

-сапасы жақсы ауыз су қолдану, шикізат пен көмекші материалдарды жақсылап жуу ағынды сумен жуу (топырақтан тазарту, ырылған, бүлінген жерлерді кесіп тастау);

-консервілеуге жататын ыдыстарды (шыны банкалар) 10-30 минут стерилизациялау қажет;

-консервілеуге жататын өнімдерді шамамен 85-90 градус температурада термиялық өңдеу керек;

-ботулизмнің қоздырғышы қышқыл ортаны ұнатпайды. Сондықтан үйде консервілеу кезінде, рецепт бойынша сірке суын, лимон қышқылын қосу қажет;

-белгісіз сауда орындарынан, көше бойында орналасқан сатушылардан консервіленген өнімдерді сатып алмау қажет;

-егер банкалардағы сақтау кезінде қақпақтары ісінген белгілері болса, бұл

консервілерді жеуге тыйым салынады; -егер банка ішінде ауа көпіршіктері пайда болса немесе біртіндеп бұлдырлық пайда болса, оны дереу тастау қажет;

-аурудың қоздырғышы қайнату кезінде жойылады. Сондықтан жаңадан ашылған дайындамаларды (консервіленген банкаларды) тұтынар алдында 15-20 минут термиялық өңдеу ұсынылады.

Өзіңіздің денсаулығыңыз өз қолыңызда! Егерде жоғарыда аталған клиникалық белгілерді өзіңізден байқасаңыз міндетті түрде медициналық жедел жәрдем көмегіне жүгініңіз. Себебі, ботулизм аурушандығымен летальді жағдай (өлім жағдайы) орын алуы әбден мүмкін.

**Х.ОСПАНОВ,**  
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қаратау» ЖШС 09.04.2024 ж. сағат 15.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а/о, Бақырлы ауылы, ауылдық клуб мекен жайында 1) «Түркістан облысы Созақ ауданындағы «Қаратау» кенішінің №2 өнеркәсіп алаңында СОТ (2-35 ӨЕ, 2-54 ШЕ, 2.2-58 ӨЕ және 2.2-59 ШЕ) бар құм тұндырғыштары (2-44 ӨЕ, 2-53 ШЕ) реконструкциялау», 2) «Түркістан облысы Созақ ауданындағы «Қаратау» кенішінің №2 учаскесінің солтүстік-шығыс қапталында технологиялық сорғы станциясы бар ӨЕ, ШЕ (V-5000 м. куб.) жергілікті құм тұндырғыштарының құрылысы» жұмыс жобаларынаықтимал әсерлер туралы есеп беру бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>» ЖАО сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ a.shymabekova@ontustik.gov.kz қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі. Сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09&omn=71864266816>. Конференция идентификаторы: 616 540 8596. Кіру коды: 123456.

Тапсырыс беруші: «Қаратау» ЖШС, БСН: 050740004185, заңды мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Сарыжаз ауылы, 021 орам, 192 үй, Тел: 8-7252-99-73-70.

Әзірлеуші: «СтройРекламПроект» ЖШС, БСН: 040440005636, Мекен-жайы: Ақтөбе қ., Жамбыл к., 81, Тел. 8-7132-90-82-41.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысы Созақ ауданы Таукент кенті әкімдігінің басшылығымен 2024 жылғы «26» наурыз күні сағат 12:00-де Таукент кенті әкімдігінің ғимаратында (Таукент кенті) «Қазатомпром-SaUran» ЖШС кен орындарының тауарлық десорбаттарынан уранды тікелей пероксидті тұндыруды жүзеге асыру үшін аффинаж цехын қайта жаңарту» тақырыбында қоғамдық тыңдау өтеді. Тыңдаушылар жобаның материалдарымен Түркістан облысы, Созақ ауданы, «Қазатомөнеркәсіп-Sauran» ЖШС орталық аппараты мекен-жайы бойынша таныса алады. Анықтама телефоны 8-778-096-00-00, ішкі. 40079. Жұртшылық өкілдері өз пікірлерін білдіре алады, ұсыныстарымен, ескертулерімен бөлісе алады және оларды қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін тапсырыс берушінің электрондық поштасына жібере алады - sauran@sauran.kazatomprom.kz

Қосымша тыңдаушылар онлайн конференцияға көрсетілген сілтеме арқылы қосыла алады <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Қаратау» сообщает, что в 15.00 ч. 09.04.24г. по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бакырлы, сельский клуб состоится общественные слушания в форме открытого собрания по отчетам о возможных воздействиях к рабочим проектам) «Реконструкция пескоотстойников (ПР 2-44, ВР 2-53) с ЦНС (ПР 2-35, ВР 2-54, ПР 2.2-58 и ВР 2.2-59) на площадке №2 рудника «Каратау» в Сузакском районе Туркестанской области», 2) «Строительство локальной пескоотстойниковПР, ВР (V-5000 м.куб.) с технологической насосной станцией на северо-восточном фланге участка №2 рудника «Каратау» в Сузакском районе Туркестанской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также на сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественного слушания на Едином экологическом портале, а также электронную почту: a.shymabekova@ontustik.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественное слушание проводится в онлайн-режиме. Ссылка: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09&omn=71864266816>. Идентификатор конференции: 616 540 8596. Код доступа: 123456.

Заказчик: ТОО «Қаратау», БИН: 050740004185, юр.адрес: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Сарыжаз, квартал 021, дом 192, тел: 8-7252-99-73-70.

Разработчик: ТОО «СтройРекламПроект», БИН: 040440005636, Адрес: г.Актобе, ул. Джамбула, 81, Тел. 8-7132-90-82-41.

# ЖАСТАРДЫҢ ТАҢДАУЫ-KazNARU

Ежелден халқымыздың алтын тамыры – атамекен ауылымыз. Еліміздегі аграрлық салаға білікті мамандар даярлайтын жетекші оқу ордасы – Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде оқитын студент жастардың басым бөлігі осы ауылдан шыққан тұлғалар. «KazNARU» «Кәсіптік бағдар беру» жобасы аясында еліміздің оңтүстік өңірлеріндегі ауыл мектептеріне профессор-оқытушылар құрамы мен белсенді студенттерден жасақталған арнайы топтарды аттандырды. Негізгі мақсат – мектеп бітірушілерге болашақ мамандығын дұрыс таңдауға бағыт беру, ауыл шаруашылығы маманы боламын деген талапкерлерге университет факультеттерінің ерекшелігін таныстыру. Қазіргі уақытта «Ветеринария» факультетінің «Клиникалық ветеринариялық медицина» кафедрасының аға оқытушысы Үмбетжанов Қайырбек Жексенәліұлы, «Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының ассистенті Зарханова Ажар Жеңісбекқызы және 3 курс студенттері Айсұлу Ибраим, Гүлден Сағат кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша Жетісу облысының 8 ауданы мен 2 қаласын аралап жүр. Бұл маңызды жұмыстарға облыс пен аудандардың білім басқармалары, мектептердің профориентолог мамандары да белсенділікпен қолдау көрсетуде. Кездесулер барысында ынтымақтастық туралы екіжақты Меморандумға қол қойылуда. Өйткені, атқарылатын міндет баршаға ортақ – мектеп бітірушілердің бейімділігі мен қабілеттеріне сай кәсіптік қызығушылығын ояту, белгілі бір мамандық түрлерін меңгеруге бағыттау.

Осы орайда, Жетісу облысының Білім басқармасының басшысы Сүлейменов Марат Бекбосынұлына Университетіміздің Басқарма Төрағасы-Ректордың қолы қойылған Алғыс хаты табысталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, әрбір кездесуге мектеп бітірушілер ықыласпен қатысып, өздерін толғандырған түрлі сауалдарын қойып, тиянақты жауап алуда. Жас өрендерге KazNARU туралы ақпарат жарияланған буклеттер, қосымша материалдар беріліп, қызықты викториналар мен тренингтер жүргізілуде. Өз кезегінде ару қала Алматыда білім алып, білікті маман атануға құлшыны танытып отырған жастар да аз емес. Осындай талапты жастардың KazNARU мен шет елдік озық университеттерде қатар оқып, екі дипломға ие болғылары келсе, есігіміз әрқашан ашық! KazNARU әлемдік

«QS Asia» рейтингісі бойынша Орталық Азияда үздік жоғары оқу орындары арасында 6-шы орында, «QS Sustainability» рейтингінде Қазақстан бойынша 5-ші орындағы университет.

Қазақстан аграрлық мемлекет екені бәрімізге белгілі. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда осы агро кешен саласында креативті, кәсіби дағдысы терең ауылшаруашылығы мамандарының тапшылығы байқалуда.

Сондықтан, еліміздегі жетекші оқу ордасы саналатын Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің басты мақсаты – осы агро өндірістік саланы алға апаратын білікті мамандар даярлау болып табылады. Университеттегі сапалы кадр даярлаудың алтын бесігі, ірі құрылымның бірі – «Агробиология» факультеті. Ең алғаш 1930 жылы «Дәнді дақылдар» деген атпен ашылған бұл факультет аграрлық сектор үшін 32 мыңнан астам аса білікті мамандар даярлап шығарды. Қазіргі уақытта факультетте 3 кафедра бар: «Агрономия, селекция және биотехнология», «Топырақтану, агрохимия және экология», «Жеміс-көкөніс шаруашылығы, өсімдік қорғау және карантин».

Қызметкерлердің құрамында ҚР ҰҒА-ның 2 академигі, 5 АШФА академигі, 12 ғылым докторы, 33 ғылым кандидаты, 17 PhD докторлар және магистрлер жұмыс істейді. «Агробиология» факультетінде биылғы оқу жылында 451 бакалавриат, 57 магистрант және 28 PhD докторанттар білім алуда. Мәселен, бакалавриатта «Агрономия», «Топырақтану және агрохимия», «Жеміс-көкөніс шаруашылығы», «Өсімдік қорғау және карантин», «Өсімдіктер туралы ғылым және технологиялар», «Экология», «Биоинженерия» білім беру бағдарламалары бойынша кәсіби дағдыларды меңгерген жоғары білікті мамандар даярланады. Атап айтқанда: Дала дақылдарын өсірудің ресурс үнемдейтін технологияларын әзірлеу және ауылшаруашылығы дақылдарының жаңа сорттары мен будандарын жасау; Топырақ құнарлылығын жоғарылатудың тиімді тәсілдері мен ауылшаруашылық дақылдарының минералдық қоректенуінің қолайлы жағдайларын жасау; Жеміс-көкөніс шаруашылығы, жеміс-көкөніс өнімдерін сақтау және қайта өңдеу; Заманауи әдістер, технологиялар және өсімдік қорғау құрылғылары негізінде өсімдік шаруашылығы мен карантиндік өнімдерге жатқызылған ауылшаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне экспертиза және фитосанитарлық мониторинг жүргізу;

Өсімдік селекциясында инновациялық агротехнологияларды және генетикалық, биотехнологиялық әдістерді қолдану т.б. бағыттар аясында білім алып, тәжірибе жинақтап шығады. Агробиология факультетінің деканы, PhD, қауымдастырылған профессор Ержан Абилдаевтың айтуы бойынша, ЖОО базасында агроқешендегі жас мамандар үлесін арттыруға мүмкіндіктің бәрі жасалған. «Болашақ агрономдар университет құрамындағы ФЗИ-лар мен «Байбұлақ», «Интенсивті бақ» тәжірибелік шаруашылықтарына практикалық дәрістерден өтеді. Мысалы, студенттеріміз «Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында» болып, бау-бақша өсіру индустриясындағы селекция, питомник шаруашылығы, агротехнология, биотехнология, фитопатология және энтомология саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге қатысты. Студенттер «білім, ғылым, өндірістің» өзара байланысын, бірбіріне әсерін көздерімен көріп, зердесіне тоқып қайтты. Нақты дағдыларды меңгерді», - дейді Ержан Абилдаев.

Сондай-ақ, KazNARU студенттері шетелдерде, Ұлыбританияның халықаралық IIC Ukraine орталығының Ынтымақтастық келісімшарты мен білім алушылардың өтініштері негізінде Гленкарс, Ротвелл қалаларында (Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия біріккен Корольдігі) «Агробиология» факультетінің 4 курс студенттері өндірістік практикадан, ал 2 магистрант зерттеу практикасынан өтіп келді. Академиялық орталықтың бағдарламасы бойынша Венгрияның Геделе қаласындағы «Венгрия ауыл шаруашылығы және жаратылыстану ғылымдары» университетінде 3 курс студенттері Бағди Елиза мен Ізтай Қасымхан білімдерін жетілдіруде.

Еліміздің және туған өлкеміздің аграрлық саласын дамытуды мақсат тұтқан мектеп бітіруші тұлғаларды университетіміздің «Агробиология» факультеті білім алуға шақырады! Егер, сіздер KazNARU мен шет елдің озық университеттерінде қатар білім алып, екі дипломға ие болғыларыңыз келсе, әрқашан есігіміз ашық! Бізді таңдау арқылы сіздер үлкен өмірге жолдама аласыздар! Аграрлық мамандықтар сіздерді зор табыс пен үлкен жетістіктерге бастайды!

**Ақылбек КҮРІШБАЕВ,**  
**ҚР Ұлттық ғылым академиясының Президенті,**  
**Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Басқарма Төрағасы-ректора.**



өз ісін жетік білетін, айналасына мейір шапағатын төккен, әріптестері мен атаналардың алғысына ие болған ауданымыздағы ең беделді тұлғалардың бірі Бүркіт Арынбекұлы 2013 жылы жарыққа шығып, 2015 жылы толықтырылып, екінші рет басылып өз оқырманына жол тартқан кітабын бүгінде жаңартып, жаңғыртып, «Қош бол, қандауыр!» кітабының 100 данасын 14 ақпан Халықаралық кітап сыйлау күні аясында кітапханаға сыйға табыстады. Кітапхана мамандары ерекше ықыласпен

## Қош бол, қандауыр!

Созақ ауданының Құрметті азаматы, аты аңызға айналған оташы, әр сөзі ғибрат, саусағы-шипа, жүрегі-мейірімді, дәрігерлігіне білімпаздық пен парасаттылықты тығыз ұштастырған,

қабыл алды. Бүркіт Арынбекұлының ғибратқа толы өмірі мен еңбегінің жемісін айқындап көрсетілген кітабы өз оқырманына жол тартты.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Гір спортынан Қазақстан чемпионаты өтті

Ақпан айының 15-17 жылдызы аралығында елордамыз Астанада бір күндік Қазақстан Республикасының чемпионаты болып өтті. Кіл мықтылар менен кім мықтылар анықталатын еліміздің дәстүрлі чемпионатына барлық өңірлерден бір спортының қазір-

бағын сынаған батырымыз Қобыланды Орынбасаров екі бірдей алтын медальдың иегері атанды. Жастар арасында 68 келі салмақта бір тасын көтерген Орынбасар Баби да I ші орынды жеңіп алды. Ердос Рысбек 68 кг салмақ дәрежесінде III орын, ал, Бақытжан Тұрған-



гі таңдағы бетке ұстарлары барды. Солардың арасында Созақтың білекті балуандары да болды. Ауданымыздың ғана емес, түгелдей Түркістан облысының намысын қорғап жүрген біршілерімізді бұл байрақты бәсекеге әдеттегідей, Серікбаев Мұрат Тұрсынбайұлының өзі бастап барды. Үш күнге созылған ел чемпионатында бабы келісіп, бағы жанған білекті балуандарымыз командалық есепте екінші орынға лайық деп танылды. Ал, командалық эстафета жарысынан алдыңғы орынды иеленді. Нәтижесінде: Ересектер арасында 73 кг салмақ дәрежесінде және эстафеталық жарыста да

бай 73 келіде жүлделі III орынға табан тіреді. 58 кг салмақта Өскен Тілеген II орынды және 73 келіде күшін сынаған Ержан Қабылбек қола жүлдегер атанды. Осы ретте, барша Созақ спортының жанажырлары, ауданымыздың өзі облысымыздың намысын байрақты бәсекелерде абыроймен қорғап жүрген бірші балуандарымызға: «Жеңіс құтты болсын жерлестер! Білекті балуандарымыздың спорттағы жеңісті де жемісті жұмыстары өзге спорт түрлерінен де жалғасын тауып, жұртымызды қуанта берсін!» - дейміз.

**Данияр ҚОЖАНТЕГІ.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
**Бакытжанович**

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**  
**Жауапты хатшы:**  
**Мақсат Қарғабай**

**Редакция құрамы:**  
Аға тілшілер-  
**Нұржанай МАЙУСОВА**  
**Данияр БЕКОВ**  
Тілшілер-  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Багила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3300 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.